

«Өңір» депутаттық тобының «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы және 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауларында көрсетілген медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру бойынша тапсырмаларын заңнамалық қамтамасыз ету» тақырыбына арналған отырысы қатысушыларының ҰСЫНЫМДАРЫ

Елбасы – ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев А. 2018 жылғы 10 қаңтардағы және 2018 жылғы 5 қазандағы атты жолдауларында халықтың денсаулығын қорғауды әрбір азаматының өмір сүру сапасын жақсартудың негізгі факторларының бірі ретінде анықтады.

Тұтастай алғанда, денсаулық сақтау саласында халықтың денсаулық жағдайын жақсартуды қамтамасыз ететін халыққа медициналық көмек көрсету жүйесінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған институционалдық өзгерістер іске асырылуда. Халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту және аурулардың алдын алу басымдыққа ие болады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу, медициналық кадрларды даярлаудың қамтамасыз етілуі мен сапасы, ақпараттық жүйелерді интеграциялау, мобильді сандық қосымшаларды пайдалану, электрондық денсаулық паспорттарын енгізу, "қағазсыз" ауруханаларға және т.б. көшу жөніндегі Жолдауда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу халықтың денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

Медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру мәселелері мен перспективаларын жан-жақты талқылай отырып, отырысының қатысушылары мынадай ҰСЫНЫМДАР жасады:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) Барлық мемлекеттік медициналық мекемелерге түгендеу жүргізу және олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуын нормативтердің талаптарына сәйкес келтіру;

2) Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу шеңберінде азаматтардың салауатты өмір салтын ұстануын ынталандыру шараларын көздеу;

3) Аудандық маңызы бар қалаларға жұмысқа келген медициналық мамандарға әлеуметтік қолдаудың тиісті шараларын ұсыну бөлігінде заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

4) ҚР "Білім туралы" Заңының 47 бабына сәйкес, мемлекеттік білім гранты негізінде оқыған медициналық мамандарды бөлу және өңдеу жүйесін ұйымдастыруға кешенді талдау жүргізу және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

5) Қажетті материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етуде барлық медициналық колледждерге бірыңғай талаптарды бекіту;

6) Медициналық колледждерді аккредиттеу кезінде индикаторлардың бірі ретінде тәуелсіз бағалау нәтижелерін пайдалану;

7) Құрылысты арзандату мақсатында ауылдық жерде медициналық ғимараттар салуға қойылатын құрылыс нормалары мен қағидаларының талаптарын оңайлату бөлігінде заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

8) Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативіне халық саны 50 адамнан аз ауылдық елді мекендерде және 5 километрден астам радиуста тұратын халыққа қызмет көрсету үшін медициналық ұйымдарға көлік беру мүмкіндігін қарастыру.

9) Ауылдағы медициналық ұйымдардың жан басына шаққандағы тарифтік қаржыландыруға көшуі кезінде қаржылық тұрақтылық шараларын көздеу.

2. Жергілікті атқарушы органдарға:

1) Амбулаториялық-емханалық ұйымдарды салу, жөндеу және жарақтандыру жөнінде шаралар қабылдау;

2) Медициналық жоғары оқу орындарының, медициналық колледждердің түлектері-жас мамандарды әлеуметтік қолдауды арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

3) Резидентурада денсаулық сақтау мамандарын даярлауға арналған нысаналы тапсырысты бөлу және кадрларды медициналық көмек деңгейлері арасында қайта бөлу жөнінде шаралар қабылдау;

4) Ауылдық елді мекендердегі барлық медициналық объектілерді Интернетке қол жеткізумен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.